



## Стратегиялық объектілерге үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 940 қаулысы 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 193-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "ТАВ Қазақстан (ТАВ Kazakhstan)" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Еуропа Қайта құру және Даму банкінің, Халықаралық қаржы корпорациясының, Еуразиялық Даму банкінің және DEG (Deutsche Investitions-und Entwicklungsgesellschaft mbH) қарызын қайтару жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге "Алматы халықаралық әуежайы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) орналастырылған 100 % жай акцияларын құрайтын Қоғамның 78414 (жетпіс сегіз мың төрт жүз он төрт) жай акциясына үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салу жөнінде мәміле жасасуға рұқсат берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министри

A. Мамин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК